



*М.З.Мырзабекова*  
ж (

**№7 жалпы білім беретін мектебінің директордың бейін ісі жөніндегі орынбасары**  
**Р.Айтбаеваның**  
**Лауазымдық міндеттері**

**2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫ**



**№7 жоспар бойынша білім беретін мектебінің директордың бейін ісі жөніндегі  
орынбасары Р.Айтбаеваның  
Лауазымдық міндеттері:  
2021-2022 оқу жылы**

оқушыларды бейіндік оқыту жүйесін іске асыру жоспарын әзірлейді;  
бейінді оқытуды қолданбалы және элективті курстардың бағдарламаларымен  
бағдарламалық-әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз етеді;

жоғары (бейінді) сыныптарды жинақтау үшін объективті негіз ретінде негізгі  
мектеп түлегінің қорытынды білім беру рейтингін қалыптастырады;

бейіндік оқыту бойынша білім беру ұйымының қызметін перспективалық  
болжауды және жоспарлауды, әртүрлі деңгейлік бағдарламаларды енгізуді,  
кәсіптік бағдарлау диагностикасын ұйымдастырады және талдайды, оқушылар  
мен түлектердің кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастырады;

педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру және біліктілігін арттыру  
мақсатында педагогикалық ұжымның қызметін үйлестіреді: оң педагогикалық  
тәжірибені жинақтау және тарату бойынша, педагогтердің әдістемелік  
бірлестігінің жұмысын ұйымдастыруда инновациялық технологияларды  
ұйымдастыру және апробациялау бойынша, кәсіптік бағдар беру жұмысын  
жүргізу үшін техникалық және кәсіптік білім беру жоғары оқу орындарымен  
және ұйымдарымен кездесуді ұйымдастырады;

әр түрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын таңдау, "мектеп-ЖОО",  
"мектеп-колледж-ЖОО", "колледж-ЖОО" үздіксіз білім беру жүйесінде  
толассыз оқу жоспарлары бойынша оқыту мүмкіндігін, ғылымды зерделеуге  
деген кәсіби бейімділігін ашуды, одан әрі білім беруді бейіндеу мақсатында  
оларды тереңдетіп оқыту үшін әр түрлі цикл пәндерін дербес таңдауды  
қамтамасыз етеді;

жоғары, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарымен бірлесіп кәсіптік  
бағдарлау жұмысын жүргізеді;

белгіленген тәртіппен есептік құжаттаманың сапалы және уақтылы  
жасалуын, анықтығын және тапсырылуын қамтамасыз етеді;

білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогтар және басқа да қызметкерлер  
арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, Академиялық адалдық  
қағидаттарын бойына сіңіреді.

Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер;

педагогика және психология негіздері;

педагогикалық этиканың нормалары;

"Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер;

педагогика және психология негіздері;

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, педагогика, педагогикалық психология;

педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктері;

экономика, қаржы-шаруашылық қызмет негіздері;

компьютерлік сауаттылық, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар мен нормалар.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл;

және (немесе) білім беру ұйымының "үшінші біліктілік санатты басшысының орынбасары" немесе "екінші біліктілік санатты басшысының орынбасары" немесе "бірінші біліктілік санатты басшысының орынбасары" біліктілік санатының болуы не "педагог – сарапшы" біліктілігінің болуы немесе "педагог – зерттеуші" немесе "педагог – шебер" біліктілігінің болуы.

Таныстым: Аидә Д. Айтбаева